

№ H00058 13.08.2024 ж

Ғажайып математика әлемі

БЕКЕШОВА АЙГУЛ АГАБАЕВНА

*Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кентті
МКҚК №11 Нұрбөбек бөбекжай бақшасының тәрбиешісі*

Білім беру саласы: Таным,шығармашылық

Бөлімі: Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру.

Мақсаты: Геометриялық пішіндер туралы ұғымдарын тиянақтап, түстерді ажыратуға баулу. Балаларды дөңгелек, шаршы, үшбұрыш тәрізді геометриялық пішіндермен таныстыру, оларды ажыратуды үйрету; кеңістікте бағдарлау қабілетін қалыптастыру. Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, тәрбиелеу. Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар:Пішіндер туралы дидактикалық ойындар ойнату.

Әдіс-тәсілдер: Пішіндерді ажыратып, түстерді айыра білуді, шарларды жару арқылы тапсырмаларды дұрыс орындай білуді үйрету. Геометриялық фигуралардың пішіндерін ажыратып, түстерін атауды көрсету. Геометриялық пішіндерден үй,машина жапсыру. Сұрақ-жауап.

Қажетті көрнекі құралдар: Геометриялық пішіндер: үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер, үй,машина бейнелейтін жапсырмалар, слайд,сиқырлы қалам(*интерактивті үйрену*).

Сөздік жұмыс: Көктем, үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер.

Үштілділік компонент: көктем-весна-spring(сприн), жасыл-зеленый-green(грин), қызыл-красный-red(ред), ,сары-желтый-yellow(елоу), ақ-белый-white(уайт),көк-синий-Blue(блу),үшбұрыш-триугольник-triangle(трайэнгл),төртбұрыш-квадрат-rectangle(ректангл),шеңбер-круг-circle(сүкл),пішіндер-фигуры-shapes(шейпс)

Сабақ барысы: балалар шеңберге тұрады.(*балалар жылулық шеңберіне тұрайық*)

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Қонақтармен амандасу Жылулық шеңбері: (Балалар қимылмен көрсетеді) Бала, бала балақан Кәне қайсы алақан ? Саусақтарың әйбат Былай-былай ойнат. Топ-топ басайық Жалаудан күн жасайық Жаса-жаса алтын күн Жаса-жаса алтын күн	Сәлеметсіздер ме? Здравствуйте? Good morning? Балалар қимылмен көрсетеді.
Ұйымдас тырушылық -ізденіс кезеңі	Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем айларын атайықшы. Көктемде ауа райында қандай өзгерістер болады? <i>Ғажайып сәт:</i> Қолында шарлары бар Буратино билеп кіреді. Буратино: -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Осы жер «Ғажайып білім әлемі ме?» Ия, Буратино дұрыс таптың, бұл жерде тек білімді балалар ғана болады. Буратино: Ендеше маған көмектесе	Көктем мезгілі. Наурыз, сәуір, мамыр Күн жылынады, қар ериді, ағаштар бүршік жарады, құстар ұшып келеді. Балалар таңырқай қарайды.

	аласыңдар ма? Мен жолда келе жатып, алтын кілтімді жоғалтып алдым, кім алып кеткенін білмеймін. Маған көмектесіңдерші. Кілтімді іздеп келе жатып, жолда ақ тиінді көріп едім, кілтіңді «Ғажайып білім әлеміне» барып, мына менің түрлі түсті шарларымның ішіндегі тапсырмаларын білімді балаларға, орындатсаң ғана алтын кілтіңді сол жерден таба аласың деді. <i>Еш уайымдама, Буратино!</i> <i>Қане балалар, Буратиноға көмектесеміз бе?</i> Буратино: Балалар, мен сендерге құр қол келген жоқпын. Өзіммен бірге түрлі-түсті шарларымды ала келдім. <i>-Жарайды, Буратино ендеше біз сіздің тапсырмаларыңызды орындауға көмектесейік</i> Балалар, бір жылда неше мезгілі бар? Кәне, атап шығайық <i>көктем, жаз күз,қыс</i>. Бұл шарлардың түсі де сол төрт мезгілді белгілейді. <i>Жасыл шарды көрсету.</i> Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді? Бұл жасыл түс, шөптердің түсі сияқты. Табиғат көктемде оянып, жер беті жасыл шөпке толады. Ағаштар бүршік жара	Сәлеметсіз бе, Буратино
--	---	--------------------------------

	бастайды. <i>Қызыл шарды көрсету.</i> Қызыл түс қандай жыл мезгілін білдіреді? Қай уақытта гүлдер қызыл түске боялады? <i>Сары шарды көрсету.</i> Бұл түс қандай жыл мезгілін білдіреді? Себебі күзде ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі. Жер беті сары кілемге ұқсайды. <i>Ақ шарды көрсетеді.</i> Мына шардың түсі қандай? Бұл түс қандай жыл мезгілін білдіреді? Қыста жер қандай болады? Балалар, шарлардың түстерін білдік, енді сиқырлы шарлардың ішінде не бар екенін білгілерің келе ме? Кәне шарды кім жарады? Бір бала шығып шарды жарады. <i>Балалар бізге тапсырма берілген, егер осы тапсырманы дұрыс орындасаңдар біз Буратиноның алтын кілтін тауып беріп, оған көмектесе аламыз.</i> 1-тапсырма: «төртбұрыш» төртбұрыш-квадрат-rectangle(ректангл), - Неге төртбұрыш дейді екенбіз, қанекей төртбұрыштың қабырғаларын, бұрышын санайық. (санайды) Төртбұрыштың түсі қандай? көк-синий-Blue(блу), <i>Бір бала шығып екінші шарды жарады.</i>	Ия, көмектесеміз. Балалар қызыға қарайды. Бір жылда төрт мезгіл бар. Көктем, жаз, күз, қыс. Көктем мезгілі
--	--	---

	2-тапсырма: (үшбұрыш) үшбұрыш-триугольник-triangle(трайэнгл), - Ал, үшбұрышты неге үшбұрыш дейді екенбіз, бұрыштар мен қабырғаларын санайық. Үшбұрыштың түсі қандай екен? сары-желтый-yellow(елой), Дұрыс айтасыңдар балалар, бұл үшбұрыш. 3-тапсырма: (шеңбер) - Дөңгелектің(шеңбер) бұрышы бар ма? шеңбер-круг-circle(сүкл), - дөңгелектің (шеңбер) түсі қандай? қызыл-красный-red(red). Пішіндер туралы слайд көрсетіледі. 4-тапсырма: <i>Дидактикалық ойын:</i> «Заттар қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды» ойыны. Тәрбиеші сурет көрсетеді. Содан соң балалардан ондағы заттардың атын атап беруді сұрайды. Әр затты соған келетін геометриялық пішінмен қосуды ұсынады. Сергіту сәті Біз кішкентай баламыз. Өніп-өсіп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз. Бір отырып, бір тұрып, Жаттығулар	Жаз мезгілінде Күз мезгілі Ақ Қыс мезгілін Қыста жер ақ болады.
--	---	--

	жасаймыз. Ендеше балалар өздерің бір пішінді таңдап ала қойындар. Кәне, пішіндеріңді жоғары көтеріп көрсете қойындар. Ал енді қарайық кім қандай пішін таңдады екен. Әр бала қандай пішінді таңдаса, сол баланың жан дүниесімен, мінез-құлқын білуге болады екен. Шеңберді таңдаған балалар-ол мейірімді бала. Үшбұрыш таңдаған бала-ол көшбасшы бала. Төртбұрышты таңдаған бала –ол еңбекқор бала. Балалар,барлықтарың сабаққа жақсы қатыстындар. Мінекей, Буратино бұл сіздің кілтіңіз біздің балаларымыз көптеген тапсырмаларды орындау арқылы сіздің кілтіңізді тауып берді. Буратино: Алақай, алақай енді менің кілтім табылды.Рахмет сіздерге балалар. -«Ғажайып білім әлемі» деген осы жер Буратино. «Ғажайып білім әлемі» ең бастысы бізге білім сыйлады. Біз бәріміз бірігіп, қызықты тапсырмалар орындалық, Буратиноға алтын кілтін табуға көмектестік. Буратино: Балалар сендерге көп-көп рахмет. Сендер маған алтын кілтті табуға көмектестіңдер, көптеген тапсырмалар орындадыңдар. Өмірде тек білімді емес, қайырымды балалар екендерінді	Бексұлтан келіп бір шарды жарады Балалар бірге бұрыштарын санайды. Үшбұрыштың қабырғаларын санайды. Дөңгелек, шеңбердің бұрышы болмайтынын айтады.
--	---	--

	көрсеттіндер. Мен осындай балабақшада тапқыр, ақылды, білімді, балалардың барына қуанып тұрмын. Ендеше мен сендерге өзімнің сиқырлы таяғымды сыйлыққа тарту етемін. Сау болындар, балалар.	Балалар жауап береді: -Күн, сағат, дөңгелек, теледидар, доп, шырша, текше, сыйлық салынған қорап. Әр затты өзіне ұқсас геометриялық пішінмен сызық арқылы қосады. Сергіту сәті Қимылмен көрсетеді Әртүрлі пішіндерге жапсырылған кілтті балалар қолдарына алады. Балалар Буратиноның барлық тапсырмаларын орындап, өз білімдерін көрсетті. Сау болыңыз, Буратино
Іс-әрекеттің бағалау кезеңі	-Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді? -Біз Буратиноға нені тауып беруге көмектестік? -Буратино бізге тапсырмаларды нені беру арқылы орындатты? Жарайсындар, балалар, бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіне өте жақсы қатыстындар. Ендеше өздеріңнің көңіл-күйлеріңді мына смайликтермен көрсете қойындар.	Біз Буратиноға алтын кілтін тауып беруге көмектестік. Әдемі түрлі шарларды беріп тапсырмаларын орындатты. Балалар смайликтерін көрсетеді. Балалар қуанады.

	Балаларға сыйлықтар үйлестіремін. Қонақтармен үш тілде қоштасады.	Сау болыңыз. До свидания Good bye
--	--	---

Күтілетін нәтиже

Нені біледі: Пішіндерді ажыратып, түстерді айыра білді.

Қандай түсінікті игерді: Шарларды жару арқылы тапсырмаларды дұрыс орындай білуді игерді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Пішіндерден үй мен машина жапсыруды меңгерді, геометриялық пішіндердің үш белгісі-түсі мен көлеміне қарай салыстырады

№ H00060 13.08.2024 ж

Кейіпкерлер мен декорациялар құру

ӘРІПЖАН АЛМАС ӘРІПЖАНҰЛЫ

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы,
Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясы
Еңбек пәнінің мұғалімі

Көркем еңбек		Мектеп:		
Күні:		Оқытушының аты-жөні:		
Сынып:		Қатысушылар саны:		Қатыспағандар:
Бөлім:		Визуалды өнер		
Сабақтың тақырыбы:		Кейіпкерлер мен декорациялар құру. Көркем өнер идеяларын іске асыру. Дыбыс қосу		
Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары		6.2.1.1-Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану 6.3.4.1-Өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялау бойынша сындарлы пікір мен негізделген ұсыныстарды қабылдау		
Сабақтың мақсаты:		Театрдағы дыбыстау өнерімен таныстыру. · Сыныпқа шығармашылық жұмысты таныстыру. · Дизайнды жетілдіруге түсініктеме беріңіз.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басталуы	Сәлемдесу. Сабақтың мақсаты мен сабақ барысындағы жұмыспен таныстыру, талқылау. Өткен сабақты пысықтау. Миға шабуыл Қойылым көрсетілген кезде нені ескерген жөн? Қойылымдарыңа қандай кейіпкерлер қатысады? . Сюжетке сәйкес кейіпкерлердің дыбысын қарастыру. орындалу кезеңдері Оқушыларды театрландырылған көрсетілімнің фрагментін көрсету. Кейіпкері мен дауысының сипатына назар аударыңыз. Көрермендер жақсы кейіпкерлерді жаман кейіпкерлерден	Оқушылар амандасып ,бір-біріне сәттілік тілейді. Ойлан , бірік, бөліс әдісі арқылы оқушылар қайталау сұрақтарына жауап береді	Қалыптастырушы бағалау: Бірін –бірі бағалау.	

Ортасы	- Адам терісінің реңкін алу үшін қандай түстерді араластыру керек? Оқушылар жоспарланған сюжетке сәйкес, кейіпкерлердің дауыстарын салады. Шығармашылық жұмыстарды жасау «Сюжет» Берілген критерийлер бойынша оқушылар театрландырылған көріністі таныстырады. · Нақты эскиздерге сәйкес кейіпкерлердің ұқсастығын көрсетеді. · Декорациядақызықты дизайн шешімін көрсетеді · қуыршақтардымұқияторындау · сюжеттің мағынасын көрсетеді мұғалімнің басшылығымен тәжірибе жүргізу Шығармашылық жұмысты жоспарлаудың кезеңдерін анықта. ü Тақырып аясында кішігірім зерттеу жұмысын жүргізу; ü Сценарий құрастыру; ü Кейіпкерлерді жасау; ü Декорацияларды құрастыру; ü Дыбыстау/музыкалық шығарма дайындау; ü Қойылым. Сценарий құрастыр. Скетчбукке жаз. • Ол әдеби шығарманың желісі бойынша құрастырылуы мүмкін. • Ойдан шығарылған оқиға болуы мүмкін. • Ертегі бойынша құрастырылуы мүмкін. Бір – бірлеріңнің ойларыңды толықтырыңдар. Ø Оқиғаның идеясы. Ø Оқиғаның мазмұны түсінікті ме? Ø Не қосар едің? Уақытылы көмек алу үшін кері байланыс алу.	Кітаппен жасалынатын жұмыс 	http://tildes.ru/master-klassy/shem-odezhdu-dlya-interernoy-kukly/ http://www.toysew.ru/tilda/shem-princessu-goroshine.html http://www.livemaster.ru/topic/1121367-kak-sshit-odezhdu-dlya-kukly-dlya-teh-kto-ne-umeet-stroit-vykrojki	

Аяқталуы	Кері байланыс 	Алма таңдау арқылы талдау жасау	Оқушылардың жауаптарына пікір қалдыру	Қағазға салынған қызыл, сары және жасыл алма суреттері
-----------------	---	---------------------------------	---------------------------------------	--

Бастауыш сынып мұғалімі

12

Сабақтың ортасы: 30-35 минут	 Дескриптор: Оқиға орын алған жылды ғасырға аударады. +1 балл. Транспортир. Бұрыштарды өлшеу, бұрыштарды салу. https://youtu.be/aZdmsPtF8Ac?si=ok9pPhP_PyLo9ioT Дескриптор: қойған сұраққа жауап берсе, +1 балл. 3-тапсырма. Тапсырманы орында.  Дескриптор: Бұрышты өлшеп, дұрыс жауабын табады. +1 балл. 4-тапсырма. Тапсырманы орында.  Дескриптор: Бұрыштарды өлшеп, олардың градустық өлшемі мен атауын тауып жазады. +1 балл. Сергіту сәті. https://youtu.be/IS-fj8xXNYw?si=5bPNROmVaUuXhKHk	Бейнежазбаны мұқият қарап, транспортир туралы мәлімет алады. Сұраққа жауап береді. Бұрышты өлшеп, дұрыс жауабын табады. Бұрыштарды өлшеп, олардың градустық өлшемі мен атауын тауып жазады. Видеоға қарап, сергіту сәтін жасайды. Ритмді	Түсініктерін сұрап, мақтау-мадақтау әдісі арқылы бағалайды. Бағалау парағы арқылы өз-өзін бағалайды. Бағалау парағы арқылы өз-өзін бағалайды.	  https://youtu.be/IS-fj8xXNYw?si=5bPNROmVaUuXhKHk
--	--	--	--	--

	5-тапсырма. Транспортирдің көмегімен балалар қиялындағы үйдің сызбасындағы бұрыштарының өлшемін анықтайды.  Дескриптор: үйдің сызбасындағы бұрыштарының өлшемін анықтайды. + 1 балл. 6-тапсырма. Жұптық жұмыс. 5 минуттың ішінде есепті шығару. Дескриптор: 5 минуттың ішінде есепті шығарады, дәптер алмасып тексереді. + 3 балл. 7-тапсырма. Сен зерттеушісің. Өзің сызып көр.  Дескриптор: Циркуль және сызғыштың көмегімен үшбұрыш салады. +2 балл. Үй жұмысы: 8-тапсырма.	барлық оқушы қайталайды. Транспортирдің көмегімен балалар қиялындағы үйдің сызбасындағы бұрыштарының өлшемін анықтайды. 5 минуттың ішінде есепті шығарады, дәптер алмасып тексереді. Циркуль және сызғыштың көмегімен үшбұрыш салады. Үй жұмысын үйде орындайды.	Мақтау-мадақтау әдісі арқылы бағалайды. Жұбымен бірін бірі бағалайды. Бағалау парағы арқылы өз өзін бағалайды. Сабак үстінде тексеріп, бағаланады.	si=5bPNROmVaUuXhKHk 
--	--	---	--	--

Сабақтың соңы: 3-4 минут	«Бес саусақ» әдісі. Бас бармақ – бүгін қандай тапсырманы орындау қиын болды? Балан үйрек – кімге көмектестің? Ортан терек – көңіл күйің қандай? Шылдыр шүмек – қандай жаңа сөз үйрендің? Кішкене бөбек – толық түсіне алдың ба?			
--------------------------------	---	--	--	--

№ I00012 21.08.2024 ж

Білім еліне саяхат

ДОСМУХАМЕДОВА ЗУЛЬФИЯ НАЗИФОВНА

ШҚО Зайсан қаласы

*"Күнишуақ" жекеменшік бөбекжай
балабақшасының тәрбиешісі*

Білім беру саласы: Таным

Оқу іс-әрекетінің түрі: Математика негіздері

Тақырыбы: «Білім еліне саяхат »

Мақсаты: 1 -10 көлемінде тура және кері санау, сандардың көршісін атау. Геометриялық пішіндер, денелер туралы білімдерін кенейту. Балалардың білімін ойын арқылы дамыту. Өртүрлі тапсырмаларды орындау, салыстыру, топтау дағдыларын, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Көрнелікті құрал: суреттер, Дьенеш блоктары, таратпа материалдар

Іс әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	- <u>Шаттық шеңбер</u> - Күннің көзі ашылды, - Көкте шуақ шашылып. - Құтты қонақ келіпті, - Төрімізге еніпті. - Амандасу үлкенге, - Тәрбиенің басы ғой. - Ал қанекей бәріміз - Салем дейік үлкенге. - Сәлеметсіз бе,Здравствуйте!	Шеңбер құрып, қимылдар жасайды

**Ұйымдас
тырушылық
ізденістік**



Балалар ,сендер «Білім еліне» саяхатқа баруға дайынсыңдар ма?

Әрине, кез келген саяхаттағы сияқты, бізді әртүрлі сынақтар күтіп тұр. Бірақ біз сол сынақтардан өтеміз деп ойлаймын.Өз білімдерінді көрсетіп, міндетті түрде «білім аралындағы сыйлықтарды аласыңдар. Жолға шығар алында біз қазіргі мерзімді анықтап алайық.

- 1 Қазір қай жыл мезгілі?
- Қазір жылдың қай айы?
- Аптада неше күн бар?
- Бүгін аптаның нешінші күні?
- Қалай аталады?
- Кеше қай күн болды?
- Ертең қай күн болады?

Біз мерзімді анықтап алдық.Қалай ойлайсыңдар,қандай көлікпен саяхатқа шығамыз?

Қандай көлікпен баратынымызды анықтау үшін сендер мына нүктелерді өзара рет - ретпен қосуларың керек.

Ал, қарайық, бізде не шықты?

көктем
сәуір
жеті

Балалардың
жауабы

Тақтада
кезекпен
орындайды

Кеме



Міне осы кемемен біз «Білім» еліне жүзіп барамыз.



Осы жерде матрос кіреді.
Матрос шығады амандасады.



Салеметсіз бе!

	-Салеметсізде ме балалар. Балалар, сендер менімен бірге «Білім еліне» саяхатқа баруға дайынсыңдар ма? Онда көздерімізде жұмамыз, кемеге отырғанымызды елестетеміз. Дайынсыңдар ма? Матрос: «Білім» аралына бару үшін ,біз бірнеше тапсырмаларды орындауымыз керек. Сонымен ,бірінші аралға келу үшін мынандай тапсырма орындаймыз:Сандар шатасып қалыпты,оларды рет- ретпен қоюымыз керек. Енді тура және кері санайық. Сандардың көршісін айту 5 8 10 13 18 Жарайсыңдар.  Екінші жүзіп өтетін аралымыз бұл салыстыру аралы.Қандай математикалық салыстыру белгілерін білесіңдер? Сендердің алдарыңда тапсырмалар бар,бұл тапсырмада = < > белгілерін дұрыс қою керек. Жарайсыңдар!	иә Тақтада жұмыс жасайды 1-10 10-1 Балалардың жауабы Үстелде орындайды
--	---	---



Орындайды

Үшінші жүзіп өтетін арал бұл геометриялық таулар аралы.

Біз қазір топтарға бөлініп тапсырманы орындаймыз.

1 -топ Дьенеш блоктарымен жұмыс істейді.

Шенбердің ішіне геометриялық денелерді қоямыз,бірақ олар қайталанбау керек.(моншақ)



2 -топ Дьенеш блоктарымен жұлдызкүрт құрау.



3 -топ Геометриялық пішіндерден заттарды жасау.



4 -топ Карточкадағы үлгі бойынша, таяқшалармен жұмыс

Рефлексивті
тузетушілік



Сергіту сәт.

Қолды белге қояйық,
Басты оңға бұрайық,
Басты солға бұрайық,
Жоғары қарайық,
Төмен қарайық,
Бір отырып, бір тұрып,
Біз демалып қалайық.

Балалар қонаққа барғанда құр қол баруға бола ма?

Мына кексті бөлейік. Кексті ортадан бөлсек, неше бөлік болды? Бөлік қалай аталады?

Жартыны екіге бөлсек қалай аталады?

Он адамға 4 бөлік жете ме? Енді неше бөлік керек?

Жарайсындар! Ал енді төртінші аралға жүзіп өтеуімізге болады.

Төртінші арал-амалдар аралы.

.

Жоқ

екі
жарты
ширек

он

Мысық
Балық

Балалардың
жауабы



Дұрыс ,ал мысық нені жақсы көреді?
Қазір біз балық арқылы есеп шығарып
мысықты тойдырамыз.
Столдан бір балық алып ,есеп шығарып
мысыққа береміз.



Бесінші арал ол логика аралы.
Бос стаканнан су ішуге болады ма?
Екі мысықта неше құлақ бар?
Аспанда неше ай?

Змысықта нешеу қанаттары бар?
Жарайсындар.

Балалар біз бүгін саяхатқа шығып келдік,сендерге ұнады ма? Қандай көлікпен бардық?Қандай тапсырмаларды орындадық?Мен сендерді құттықтаймын. Біз бәр сынақтан өттік.Біз соңғы аралға жеттік.Ал енді сендерге оқу іс -әрекет (саяхат) ұнаса алтыншы аралға смайлыктар жапсырайық.
Алтыншы аралға смайлыктарды жапсырайық.
Матрос: «Жарайсындар балалар,сендер бәр сынақтан өтіндер. Мен сендерге жұлдыз беремін»



Күтілетін нәтиже:

Біледі: 1-ден 10-ға дейінгі сандар қатарын, тура және кері тәртіппен санай білуді; геометриялық денелерді ,салыстырады,есеп шығарады

Игерді:Дидактикалық ойындар арқылы тапсырмаларды орындай алулары керек.

№ I00014 22.08.2024 ж

Бердібек Соқпақбаев. «Ағаштар неге ашуланды?»

ТАЖИХАНОВА САЛИМА АМАНГЕЛДИЕВНА

Түркістан облысы. Қазығұрт ауданы

«Т.Сағынтай №26 Ащыбұлақ жалпы білім беретін мектеп»

Бастауыш сынып мұғалімі

Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Бердібек Соқпақбаев. Ағаштар неге ашуланды?			
Оқу бағдарламасы на сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.3.1 - шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау 2.2.5.1- мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуы мен аяқталуын анықтау 2.3.4.1 - мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету			
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Әсерлерімізбен бөлісейік» жылулық шеңбері Педагог балаларға 1-2 минут көздерін жұмып,өздерін тағы да табиғат аясында,көк майса шалғында жатып,көк аспан,аппақ	Психологиялық ахуалға берілген психогиялық жаттыңуларды орындау арқылы жаңа	 ҚБ: От	Психологиялық ахуал. Алдыңғы

	бұлттарды көріп, құстардың сайраған әнін, судың сыбдырын естіген кездерін елестетуді ұсынады. Жұмыс ережесін келісу ☉ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☉ Уақытты үнемдейміз! ☉ Нақты, дәл жауап береміз! ☉ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☉ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)	сабаққа назар аудару. Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды.	шашу арқылы бір-бірін бағалау.	білімді еске түсіру тапсырмалары.
Сабақтың ортасы	Ширату тапсырмасы. 1. Ағаштар ашулана ма? Осы сұрақ төңірегінде ой бөліс. 2. Мәтіннің қалай аталып тұрғанына мән бер. Осы сұраққа жауап іздей отырып түсініп оқы.  Дескриптор: ● мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады.	Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды. Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда) Жұмыс дәптерін дегі	Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ	Оқылым, жазылым тапсырмалары.

	● шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. ● берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. <u>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</u> Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау	жазылым тапсырмаларын орындау	арқылы бір-бірін бағалау.	
Соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану «Ойлан, Жұптас, Пікірлес» Оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалімнің екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауына болады. (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі. 	 	<u>ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.</u>	Топтық тапсырмалар.
Кері байланыс	«Бағдаршам» кері байланыс.	Сабақтан алған әсерлерін	Бағдар	Кері байланыс тақ

	Бағдаршам әдісі бойынша бағалау  Қызыл – мен ештеңе түсінбедім Сары – маған әлі де түсініксіздеу Жасыл – маған бәрі түсінікті	стикерге жазып, суретін жібереді.	шам	тайшасы.
--	---	-----------------------------------	-----	----------

МАЗМҰНЫ

- БЕКЕШОВА АЙГУЛ АГАБАЕВНА
- ӘРІПЖАН АЛМАС ӘРІПЖАНҰЛЫ
- АЛИГУЛОВА АЙСУЛУ БУРКУТБАЕВНА
- ДОСМУХАМЕДОВА ЗУЛЬФИЯ НАЗИФОВНА
- ТАЖИХАНОВА САЛИМА АМАНГЕЛДИЕВНА